

Габдуллин Ермек Сериковичтің бD060700 - Биология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесіне ізденушілікке қорғауға ұсынылған «Ертіс өзенінің орта ағысындағы қансорғыш шіркейлердің санын биологиялық бақылау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми пікір берушінің

## ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Адам мен мал шаруашылығының маза бермейтін сыртқы паразиттері ретінде қос қанатты қансорғыштарды зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Олардың жаппай жабылу кезеңінде ашық аспан астында жұмыс істейтін адамдардың еңбек өнімділігі төмендейді. Малды құнды жайылымдарда жаю мүмкіндігі шектелгендіктен, олардың өнімі төмендейді.

Қос қанатты қан сорғыш шіркейлер адам мен мал арасында қауіпті: вирусты, бактериальды, риккетсиялы, протозойлық, гельминтоз ауру қоздырғыштарын тасымалдайды. Қос қанатты қансорғыш шіркейлермен күресте тиімді құралдарды іздестіру, адам мен малды қорғаудың тиімді әдістерін жасап шығару олардың түрлік құрамын, популяция тығыздығын, тәуліктік және маусымдық белсенділігін, өсіп-өну орындарын терең зерттеп, білгенде ғана мүмкін болады.

Диссертациялық жұмыс Павлодар Ертіс өңірінде таралған қос қанатты қансорғыш шіркейлерді зерттеуге арналған. Зерттелген аймақтың табиғаты қос қанатты қансорғыш шіркейлердің өсіп, дамуы үшін қолайлы болып табылады. Автор Павлодар Ертіс өңірінде қансорғыш шіркейлердің барлық даму кезеңіндегі түрлері мен экологиялық-фаунистикалық сипаттамасын, оларға қарсы шаралар жүргізудің қолайлы мерзімдерін анықтау үшін стационарлы және бағытты дала жағдайында зерттеулер жүргізген, қос қанатты қан сорғыш шіркейлердің зиянын анықтау және оларға қарсы жаңа биологиялық құралдар мен әдістерді сынауды ұйымдастырған.

Сол себепті, алынған зерттеу нәтижелері болашақ биология және медицина мамандарын дайындауда зоология, паразитология, жалпы биология пәндерінің дәрістері мен тәжірибелік сабақтарының теориялық құндылығын жоғарылатуда өз үлесін қоса алады деп есептеймін.

Зерттеу жұмысы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің биология және экология кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламасы аясында №458/1280/10 ҒЗЖ мемлекеттік қаржылай қолдауымен жүргізілген.

**2. Диссертацияларға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелері.**

Е.С. Габдуллиннің «Ертіс өзенінің орта ағысындағы қансорғыш шіркейлердің санын биологиялық бақылау» атты диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертацияларға



қойылатын талаптарына, диссертацияны жазу, ресімдеу талаптарына сай орындалған. Зерттеулер барысында алынған нәтижелер ғылыми және тәжірбиелік құндылыққа ие.

Автор диссертациялық жұмыстардың нәтижелерін алуда негізгі орындаушы болып табылады. Жұмыс биологияның өзекті мәселелерінің бірін шешуде өз алдына орындалып, толықтай аяқталған зерттеу және оның нәтижелерін тәжірибеде қолданысқа енгізуге болады.

Зерттеу нысаны аясында кең ауқымды шет ел және отандық әдебиеттер талданған. Автор ұсынып отырған шіркейлерден қорғаудың биологиялық әдістері бірқатар шетелдік және отандық басылымдарда жарияланумен нақтыланып отыр. Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде қосқанатты шіркейлердің санын реттеп, тиімді азайтуға мүмкіндік беретін жаңа қорғаныс шаралары жасалып шығарылған.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен олардан туындайтын қорытындылар нақты зерттеулерге негізделген. Барлық зерттеулер жалпы қабылданған әдістемелермен дұрыс жүргізілген. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілген. Диссертациядағы әрбір ғылыми нәтижелердің шынайылығы, қорытындылары мен ғылыми тұжырымдарының негізділігі ешбір күмән туғызбайды.

Диссертацияда қалыптастырылған ғылыми ұстанымдарды, қорытындылар мен ұсыныстар негізделген және өзіндік зерттеулер нәтижесінен шығады. Экспериментальды және өндірістік зерттеулер барлық әдістемелік талаптарға сай, көп жылғы стационарлық және бірнеше реттік тәжірибелер жағдайында орындалған.

Зерттеулер нәтижесі Павлодар облысында қолданысқа енгізілген. Ғылыми зерттеулер деректері зертханалық журналда жазылып, құжатталған; қос қанатты қансорғыш шіркейлердің барлық даму сатыларының коллекциясы коллекциялық материалды сақтау ережелеріне сай биология және экология кафедрасында сақталуда; барлық сандық деректер статистикалық өңдеуден өткізілген; стационарлық және бағыттық зерттеулер аймақтары картаға түсірілген және қос қанатты қансорғыш шіркейлердің өсіп-өну орындары фотосуретке түсірілген. Мұның бәрі жеткілікті мөлшерде зерттеулердің көлемі мен толықтығын көрсетеді.

Ғылыми ұстанымдардың негізделу дәрежесі сонымен қатар, Павлодар Ертіс өңірінде қос қанатты қансорғыш шіркейлерге қарсы биологиялық препараттарды қолдану және олардың әсерін гидрофаунаға жан – жақты және кешенді түрде зерттеу бірінші рет жүргізіліп отырғандығын баса көрсетеді. Жұмыстың барлық бөлімдері бойынша зерттеулерді автор өзі жүргізген.

Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары, тәжірибелік ұсыныс және қос қанатты қансорғыш шіркейлерге қарсы ұйымдастырылған шаралар нақты жүргізілген энтомологиялық және паразитологиялық зерттеулерге негізделген. Сондықтан алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан шынайы. Диссертация толық аяқталған ғылыми жұмыс болып саналады, оның



нәтижелері, қорытындылары ғылыми жаңалықтарымен ерекшелінеді және тәжірибелік маңыздылығы өте жоғары.

Диссертациядағы әрбір тұжырым мен қорытынды шынайы және дәлелді, өйткені олар зертхана жағдайында және далалық шарттарда тәжірибелер жүргізу негізінде алынған. Қорытындылар мен түйіндер жүргізілген зерттеу жұмыстарынан алынып, ғылыми негізделген, өндірістік сынақтармен дәлелденген. Сондықтан да олардың дәлдігі мен дұрыстығы күмән туғызбайды.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде Павлодар Ертіс өңірінде кездесетін қосқанатты қансорғыш шіркейлердің түрлік құрамы, таралуы, экологиясы толығымен зерттеліп, 3 түрмен толықтырылған. Қосқанатты қансорғыш шіркейлердің тәуліктік белсенділік ерекшеліктері, ұшуының маусымдық сан өзгерістері мен зияндылығы анықталған. Мал шаруашылықтары үшін қосқанатты қансорғыш шіркейлерге қарсы күрес шараларын жүргізудің қолайлы мерзімі көрсетілген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертациялық зерттеудің ішкі бірлігі қойылған мақсатынан, одан шығатын өзара логикалық байланысты міндеттері мен зерттеу нәтижелерін жүйелі мазмұндауынан көрінеді. Ізденуші Павлодар Ертіс өңірінде шіркейлерге қарсы биологиялық күрес әдісі ретінде бактериалды препараттарды сынау жұмыстарын жүргізген. Диссертант алға қойған мақсатқа жету үшін зерттеулерді бір бағытта жүргізген, алынған ғылыми нәтижелер диссертация тақырыбына сай және бір бірімен тығыз байланысты.

Диссертанттың жұмысының нәтижесі барлық жүргізілген ғылыми зерттеулердің шіркейлердің түр құрамын анықтаудан бастап, оларға қарсы бактериалды препараттармен өңдеуге дейін барлық жүргізілген ғылыми зерттеулердің ішкі бірлігін сипаттайды.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Жұмыстың нәтижелері бірқатар маңызды қолданбалы және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған: 2012-2014 жылдардағы Павлодар облысы шегінде Ертіс өзенінің орта ағысындағы қазіргі кезге сай шіркейлердің фаунасы мен биологиясы нақтыланды; Ертіс өзенінің орта ағысы алқабындағы шіркейлердің ұшуы мен шабуылының мерзімдік және тәуліктік динамикасы жасалды; шіркейлер популяциясының фенологиялық ерекшелігі, симулидтерге қарсы іс-шараларды өткізу мерзімдері мен Ертіс өзенінің қансорғыш шіркейлер түрлерінің жаппай даму мерзімдерін синхрондау жұмысы жасалды; бактериалды препараттардың тиімді пайдаланылуына бағаланды; Ертіс өзеніндегі шіркейлерге антропогендік факторлардың әсері сипатталды; нысанды емес гидрофаунаға препараттың әсерін бағаланды.

Зерттеу нәтижелері С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің биология, зоотехния мамандықтары бойынша оқитын студенттердің оқу үрдісіне енгізіліп, курстық, дипломдық жұмыстарды орындағанда қолданылуда.



**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары бойынша 10 ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде халықаралық конференцияларда – 6 мақала, оның ішінде шетелдерде – 3 мақала, шетелдік Scopus базасына енетін ғылыми журналда – 1 мақала, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда – 3 мақала. Бұл жарияланған еңбектерде диссертацияның материалдары мен мазмұны толық қамтылған.

**8. Диссертация мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертант жүргізген зерттеу жұмысының ғылыми және әдістемелік деңгейі жоғары. Кемшіліктеріне тоқталатын болсақ:

1. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау бөлімі жазылмаған. Талдау мен бағалау алынған нәтижелерді салыстырмалы талқылау барысында ғылыми - зерттеу жұмыстың нәтижелерін ашып көрсететін сараптама бөлім болғандықтан осы бөлімге тоқталып, жазылуы керек еді.

2. Кейбір ірі кестелерді (№ 13,14) қосымшаға шығарған логикалық тұрғыдан ыңғайлы болар еді.

3. Диссертация мәтінінде техникалық кемшіліктер кездеседі: диссертация мәтінінде стилистикалық және орфографиялық қателіктер жіберілген (23,31,34,37,45,54,72,73,92 - беттерінде).

4. «Тур», «стадия», «винт», «километр», «перспектива» сияқты кейбір сөздер және 21,22-кестелердің кейбір мәліметтері қазақ тіліне аударылмай келтірілген.

Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың құндылығын еш төмендетпейді.

**9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі».**

Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігін, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік құндылығын, қортындылары мен тәжірибелік ұсыныстарының негізділігін ескере отырып, Габдуллин Ермек Сериковичтің «Ертіс өзенінің орта ағысындағы қансорғыш шіркейлердің санын биологиялық бақылау» атты диссертациялық жұмысы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ph.D дәрежесіне ізденушілікке дайындалатын диссертацияларға қоятын талаптарына сай орындалған деп санауға болады, ал оның авторы 6D060700 - Биология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми пікір беруші,**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің Биотехнология  
және микробиология кафедрасының  
доценті міндетін атқарушы,  
биология ғылымдарының кандидаты**



*Handwritten signature*

**К.М. Аубакирова**